

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды 0 «Б»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.10	Сейсенбі 10.10	Сәрсенбі 11.10	Бейсенбі 12.10	Жұма 13.10
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойыны: «Керісінше айт» Мідеттері: логикалық ойлауды дамыту, қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алуды үйрету. Дағды: қарама-қарсы сөз айтып,анықтай алуға дағдыландыру. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші бір сөзді айтады, ал балалар оған мағынасы бойынша қарама-қарсы сөз айтуы тиіс. Мысалы: «ақ-қара» ,«жер-аспан», «жарық-қараңғы» және т.б. Ықтимал күрделендіру:	Мүсіндеу– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Жылан» Міндет: Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу.Мүсіндеу әдістерін жақсарту. Дағды: Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуе дағдыландыру.Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын) Сәйкестендіру жаттығу ойыны:«Спортлото құрастыру» Міндет: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; зейінін, есте сақтауын дамыту. Дағды:спорт түрлерін атап,сол спорт түрлеріне байланысты дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулар: Әр ойыншы 2-3 ойын	Көркем әдебиет -коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: Ойын жаттығу: «Бірізді суреттер»ойыны Міндет: қиялды, логикалық ойлауды, сөйлеуді және шығармашылық тілді дамыту . Дағды: бір-бірімен сәйкестендіруге дағдыландыру. Ойын шарты: Ойын материалы ретінде бір сюжетпен өзара байланысқан 3-4 сурет пайданылады. Суреттер бөлшектеліп және араласып беріледі. Тәрбиеші баланың алдында суретті қойып,өзара байланысты	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті ойыны: «Жапырағы бойынша ағашты тап» «Мозайка» Міндет: Балаларды ағаштардың түрлерімен таныстыру. Жапырақтар арқылы ағаштарды тауып ағаш аттарын айта білуге үйрету; балалар көрген суреттерін есте сақтай отырып, әр суретті реті бойынша атайды. Ағаш түрлері туралы өз ойыңызды дәл жеткізуге үйрету. Логикалық ойлауды дамыту.Ой-өрісін, сөздік қорларын дамыту; табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

тез жаса.

Ойынның нұсқаулары:
Өздік жұмыс, мысалдар келтіру.

ТАЗА



КІР



АТТЫ



ЖҰМСАҚ



АШЫҚ



ЖАБЫҚ



ҰРҒАҚ



СУ



БОС



ТОЛЫҚ



КӨҢІЛДІ



КӨҢІЛСІЗ



ұсақ қол моторикасын дамыту.


Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:

Ойынға балалардың барлығы қатысады. Олар бір-бірінің белдерінен ұстап жылан сияқты ирелеңдейді, бірде тоқтап орнында қалуы тиіс.

Тәрбиешінің қадағалануымен ойналады
Ықтимал

күрделендірулер: Жыланға ұқсап жүру. Өз ойларын еркін жеткізу. Жыланның қалай ысыратынын еске түсіру.

Ойынның нұсқаулары:
Дидактикалық ойындарды мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту.



суреттер беріледі, оларды құрастыру арқылы бір спорт түрлерін жинақтау. Жүргізуші, спорт түрін атайды және оны ойыншыларға көрсетеді. Ойын картасында осындай белгі бар суретті табады.

Ықтимал күрделендіру:
тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.

Ойынның нұсқаулары:
дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.



әңгіме құрастыруға болатынын түсіндіреді. Бала суретті ретімен құрауы тиіс.

Ықтимал күрделендіру:
Суретке қарап ертегі құрауды ұсынуға болады.

Ойынның нұсқаулары:
Ертегіні, әңгімені сахналап көрсету.



Ойынның нұсқаулары:

Балаларға ағаштар суреті бар карточкалар таратылады. Суретке қарап ағаштың жапырағына сәйкес жапырақтарды тауып толықтырады және ағаштың атын айтады.

Дағды: Жапырақтар арқылы ағаштарды тауып ағаш аттарын айта білуге дағдыландыру.

Әдістемелік нұсқаулық:

Ағаштардың суреттері бар суреттерді салады және олар туралы әңгімелейді, балалардың назарын ағаштың жапырақтарына аударады, олар ұсынылған әр картада да бар. Содан кейін ол балаларға әртүрлі ағаштардың жапырақтары таратады және жапырақ құлаған ағашты табуды ұсынады. (Қайың, емен, шырша, тал, каштан, балқарағай, үйеңкі, жөке, балқарағай, көктерек, қарағай, терек)

Ойынның шарты:

1. Тәрбиешінің сигналы бойынша жұмысты бастау
2. Командада тапсырмаларды бірге орындау
3. Парақтың суреті бар картаны тиісті ағашқа лотоға салыңыз.

Ойын барысында болатын қиындықтар:

1. Карточкалар бойынша балалар ұсыныстар жасайды және айтады сөйлейді.

					Мысалы: Қайың-береза- birch 2. Балалар бір-бірден парақтың суреті бар картаны алады, ағашты атайды, картаны тиісті ағашқа лотоға салады. 
Таңертеңгі жаттығу Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	№ 27 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсыз орындалатын жаттығулар № 3 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: қолдары екі жанында, 1– сол аяғымен жанына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды екінші аяғымен қайталау (7-8 рет). 2.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып қою, қолдары белінде. 1–3 серпіле отырып-тұру, қолдарын алға созу. 4-б.қ.қ. (6-7 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып, қолдарын төмен түсіріп тұру. 1– қолдары кеудесінде, шынтақтан бүгілген; оңға бұрылып, қолдарын екі жаққа созу; 3– қолдарын кеудесіне әкелу;	№ 28 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсыз орындалатын жаттығулар № 4 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді. 2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет 3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет. 4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Сол аяғымен соны қайталау. 5.Б.қ.: арқасына шалқалап	№ 29 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Таспамен жаттығулар орындау №1 жаттығулар кешені 1.«Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет. 2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау (8 рет).	№ 30 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Таспамен жаттығулар орындау № 2 жаттығулар кешені 1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет). 3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет). 4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол)	№ 31 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Секіртпемен орындалатын жаттығулар № 1 жаттығулар кешені 1.«Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 –басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет. 2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп, секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет). 3.«Еңкею»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына

	4– б.қ.қ. (6–8 рет) 4.Б.қ.: аяқтары параллель, қолдары белінде 1– бір аяғын (сол) жоғары көтеру: аяғының астына шапалық ұру. 2 – б.қ.қ. (7-8 рет) 5.Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, қолдарын беліне қойып, отыру. 1 – қолдарын екі жаққа созу. 2– алдыға еңкейіп, оң (сол) аяғына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазу. 4– б.қ.қ. (6–8 рет) 6.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (6–8 рет) Санап тұрып (1–8), оң (сол) аяқпен секіру (3-4 рет).	жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет. 6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет. 7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып, бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет.	3.«Күн» Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет. 4.«Бұлақ» Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет. 5.«Еңкею» Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет). 6.«Бесік» Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8рет. 7.«Секіру». Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет.	қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8 рет). 5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 4.«Отырып-тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет). 5.«Қадам аттау, еңкею» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген. 1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею; 3 – денесін түзеу,секіртпе жоғары; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 6.«Аяғыңның басына жеткіз»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу; 3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 7.«Секіру»Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӨ уақыты:	09.00-09.25	09.10.23 Дүйсенбі	10.10.23 Сейсенбі	11.10.23 Сәрсенбі	12.10.23 Бейсенбі	13.10.23 Жұма
	09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30					
		Математика негіздері	Сауат ашу негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Сауат ашу негіздері

	Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. (ойын, зерттеу іс-әрекеті) ҰІӨ міндеттері: әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету; сөйлеу барысында «үлкен - кішкентай», «артық - кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; Түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; Қолданады: заттарды	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Қатаң дауыссыз дыбыстар. ҰІӨ міндеттері: қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру; бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. Дағды: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді. Қолданады: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Ұзындық. ҰІӨ міндеттері: шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. Дағды: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей,	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Ұзындық. (ойын, зерттеу іс-әрекеті) ҰІӨ міндеттері: шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. Дағды: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Ұяң дауыссыз дыбыстар. ҰІӨ міндеттері: ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; Дағды: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (<i>тамшы</i>) Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (<i>шолақ</i>) Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (<i>Орхан</i>) Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (<i>мақал</i>) Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (<i>мал</i>)

	көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойын жағдаяты. 1-ден 9-ға дейінгі сандар еденде шашыраңқы болып жатады, бірақ бір-бірінен онша алыс емес. Көрсетілген цифр ретімен, аяқтарын «суламай» «тастардың» үстімен жүреді (цифрды ретін шатастырмайды). Түсіну деңгейі: Тосын сый сәті. «Гномдар бізге қонаққа келді. Проблемалық сұрақ. Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық». Педагог балаларға «үлкен - кішкентай», «түс», «алдында - артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі. Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды. Біз гномдарды үлкенді - кішілі және киімінің түсімен салыстырдық деп түсіндіреді. Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік.	«<i>Төбешік</i>» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «<i>Түтікше</i>» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру. – Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді. Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді. Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: <i>п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ.</i> Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа) Түсіну деңгейі: «<i>Tuicmi түсті көрсет</i>» дидактикалық ойыны. Педагог дыбыстарды айтады: <i>п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц.</i> Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді. «Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны	сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; Түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; Қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қояды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойын жағдаяты: Әлия мен Сырым ойын ойнауға шақырады. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Бала педагогқа допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын - қысқа, биік - аласа, кең - тар, жуан - қысқа, биік - аласа, кең - тар, жуан - жіңішке, ауыр - жеңіл. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді.	барысында қолдана білуге үйрету; Түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; Қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қояды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойын жағдаяты: Әлия мен Сырым ойын ойнауға шақырады. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Бала педагогқа допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын - қысқа, биік - аласа, кең - тар, жуан - жіңішке, ауыр - жеңіл. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын	Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан»– тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Түсіну деңгейі: Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз. Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей
--	---	--	---	---	---

	кесте - гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте - сурет кескіндері. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі. Сіз мұны қалай жасайсыз? Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады. Шалбарды енімен қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бір-бірінің үстіне қою арқылы таңдауға шақырады. Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі. Бірнеше балаға (5 адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды. Балалар тапсырманы орындап, 5 және одан да көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады. Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды -	– К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. <i>Кітап, кілем, кім, кілт, киіз.</i> Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. <i>Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.</i> Қолдану деңгейі: «Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауыссыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Мысалы: <i>сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль.</i> «Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы – Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: <i>қа..., ша..., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса..., қайра..., қамы..., қайы...</i> т.б. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды,	Бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді. Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет: Балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады. Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі) Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз. Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды. Екі баланы шақырады ойын ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады?	қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді. Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет: Балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады. Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі) Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз. Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды. Екі баланы шақырады ойын ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Пікірталасан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді	арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. <i>Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.</i> Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. <i>Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.</i> Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Қолдану деңгейі: «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: <i>үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолар), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа),</i>
--	---	--	--	---	---

	көк, кішкентай заттарды - қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.	Сәлемдесіп алады.	Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталасан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету). Қолдану деңгейі: Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы? Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. Сергіту сәті: <i>Орман алаңында Көк шалғында Қоңыз жорғалайды, Кесіртке секіреді, Көбелектер қалықтайды, Гүлден-гүлге қонақтайды.</i>	ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету). Қолдану деңгейі: Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы? Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. Сергіту сәті: <i>Орман алаңында Көк шалғында Қоңыз жорғалайды, Кесіртке секіреді, Көбелектер қалықтайды, Гүлден-гүлге қонақтайды.</i>	<i>білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.</i> Сергіту сәті: Кәне, енді тұрайық, Бір қатарды құрайық. Белімізден ұстасып, Алға бағыт бұрайық. Паровоз боп ойнайық, Вагондарды жалғайық. Сапар шегіп алысқа, Алға қарай зулайық. Саусақ жаттығуы: Айдын шалқар көлдерде, Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді.
--	--	--------------------------	--	---	--

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға» арналған ойын: «Патша»
Басты міндет: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Көру – көзбен көру.

Тыныс алу – мұрынмен дем алу.

Есту – құлақпен есту.

Ұстау – қолмен ұстау.

Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).

Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.

Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.

Артикуляциялық тіл жаттығулары

Тілге арналған:

Суретті тіл ұстарту

Ша – ша – ша

Айшаның шанасы тама (ша)

Са – са – са

Қасқыр соқты Мұ (са)

Ол – ол – ол

Ағашта лимон м(ол)

Ра – ра – ра

Дүкеннен нан алды Са (ра)

Із – із – із

Тамаққа қосты сәб(із)

Жу – жу – жу

Ыдысты тазалап (жу)



Еркін ойын түрі: «Патша»

Міндеті: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Дағды: зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Әдістемелік нұсқаулар:

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш-ш-ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша
ҰІӨ
(ұйымдастырылған іс-әрекет)

2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӨ тақырыбы: Күзгі жапырақтар.(тілдік қарым-қатынас,жаттау)
ҰІӨ міндеттері: балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту;

2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.
ҰІӨ тақырыбы: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?
 (ойын, зерттеу іс-әрекеті)
ҰІӨ міндеттері: күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету; балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;

2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӨ тақырыбы: Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)кесте қуыршақ театры арқылы сомдау.
ҰІӨ міндеттері: ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат

2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӨ тақырыбы: Шаштараз.(Өлең)
ҰІӨ міндеттері: балалардың ойлау қабілетін дамыту; балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Дағды: таза, ұқыпты жүре білуге дағыландыру.
Күтілетін нәтиже: Жасайды:өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады;

2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӨ тақырыбы: Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)ермексаз театры арқылы сомдау.
ҰІӨ міндеттері: ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат

	балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. Дағды: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; Түсінеді: күз мезгілінің ерекшеліктерін; Қолданады: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер? Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасандар, жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді. Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған. Түсіну деңгейі: Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. Күзгі бақта күлімдеп,	баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. Дағды:мектеп маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: балабақша маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді. Түсінеді: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі. Қолданады: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Экскурсия кезінде балаларға түсіндіреді: Күзде жапырақты ағаштардың жапырағы түседі. Ал көктемде жапырақтар қайта шығады. Жайпақ жапырақты ағаштарға тал, жөке, үйеңкі, емен, қайың, терек жатады. Қылқанжапырақтыларға майқарағай, шырша, қарағай жатады. Зерттеу жұмысы барысында қылқанжапырақты ағаштардың жалпақ жапырақты ағаштардан айырмашылығын атап көрсетеді (жайпақжапырақты ағаштардың жапырағы жалпақ, үлкен болып келеді. Ал қылқан жапырақтылардың	туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу. Дағды: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; Қолданады: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». (Мысық) – Балалар, бүгін «Мақтаңыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. Түсіну деңгейі: Сұрақ-жауап: Ертегі қалай аталады? Мақтаңыз не тауып алды? Мысық не істеді? Мақтаңыз мысықты қалай жазалады? Мысық қатық іздеп	Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; Қолданады:өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызыр едіңдер? Өздерің таза жүресіңдер ме? Түсіну деңгейі: Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, ойыншық, ойына – ойыншы, балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер. Жұмбақтар шешу: Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын)	туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу. Дағды: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; Қолданады: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». (Мысық) – Балалар, бүгін «Мақтаңыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. Түсіну деңгейі: Сұрақ-жауап: Ертегі қалай аталады? Мақтаңыз не тауып алды? Мысық не істеді? Мақтаңыз мысықты қалай жазалады? Мысық қатық іздеп
--	--	---	--	--	--

	Көз тартады атырап. Күншуаққа маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Ұшты кенет жапырақ. Ой, алақай, тамаша, Шашу шашты жапырақ. Бақтың іші алаша, Аунар ма еді жатып ап. Өлеңде қай мезгіл бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызыл сары. Керемет көрініс. Сөздік жұмыс: <i>Алаша, жамырап</i> деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. <i>Алаша – төсеніш,</i> <i>жамырап түсу –</i> <i>жапырақтардың көп түсуі.</i> Сендерге өлең ұнады ма ? Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар. Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталау	жапырағы үшкір ине тәріздес болады; жалпақжапырақтылар қыста жапырағын тастайды, ал, қылқанжапырақты- лардың жапырағы түспейді). Шырша мен қарағайдың жапырақтарын салыстырады. (Қарағайдың қылқандары ұзын, бір жағынан жалпақ, екінші жағынан қарағанда дөңес болып келеді. Түсі – ашық- жасыл, жұптасып орналасқан. Қарағайдың бұрлері (шишка) қысқа, үшбұрыш пішіндес болып келеді. Қабыршағында дөңес жерлері бар. Ал шыршаның қылқандары қысқа, қою жасыл түсті. Бұршіктері ұзын, жылтыр, қабыршағы жұқа болып келеді.) Қыста шырша мен қарағайдың қылқандары неге түспейді? (Қылқандар жіңішке, кішкентай, олар көп суды қажет етпейді. Сондықтан бұл ағаштардың жапырақтары қыста түспейді.) Өзекті мәселе: Неліктен күзде ағаштардың жапырақтары түседі? Болжамдарын айтады: Күзде күн сәулесі азайып, күн қысқарады. Бұл ағаштарға қысқа дайындалу қажеттігі туралы белгі болып есептеледі. Егер ағаштар түспейтін болса қыста бұтақтар қалың қарды көтере алмай сынып кетуі мүмкін. Ағаштар жапырақтарын тастау	нелерге кездеседі? Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? Қолдану деңгейі: Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік. Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді. 3-4 балаға айтқызып қайталату. Дәптермен жұмыс: Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. Мысық не істеді? Мақтаңыз неге ашуланды деп ойлайсың? Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. Сен Мақтаңыздың орнында болсаң не істер едің? Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.	Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі) Қолдану деңгейі: Демонстрациялық материал. Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. Шаштараз. Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. Сөздік жұмыс: Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, иіс судың исі. Сергіту сәті: Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкке айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын.	нелерге кездеседі? Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? Қолдану деңгейі: Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік. Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді. 3-4 балаға айтқызып қайталату. Дәптермен жұмыс: Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. Мысық не істеді? Мақтаңыз неге ашуланды деп ойлайсың? Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. Сен Мақтаңыздың орнында болсаң не істер едің? Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.
--	--	--	--	--	--

	арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады. Қолдану деңгейі: Қазір есікті қағайық. Не естідіңдер? –Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады). Ненің дыбысын естідіңдер? Дыбыстар бірдей болып шықты ма? Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады. Мысалы, «А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандай кедергісіз ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», – дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады. Дидактикалық ойын: <i>«Қай ағаштың жапырағы?»</i> Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. Мақал-мәтелмен жұмыс: 1. Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. 2. Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. 3. Не ексең соны орасың. 4. Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке. Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп	арқылы қысқа дайындалады және өзін қорғайды. Сонымен қатар ағаштар жаз бойы діңі мен бұтақтарына крахмал жинайды. Ол аязды күндері қантқа айналады. Ағаш қыс бойы сонымен қоректенеді. Түсіну деңгейі: Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу. Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. «Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (балалар қайталайды). <i>Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз!</i> <i>Ағаштарды сугаруға уәде береміз!</i> <i>Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз!</i> <i>Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз!</i> <i>Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз!</i>			
--	---	--	--	--	--

	бекер айтылмаған.	<i>Ағаш діңдерін әктеуге!</i> <i>Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!</i> Қолдану деңгейі: «Пайда-зиян» ойынын ойнауға шақырады. Ойынның соңында балаларға: пайдасы көп пе әлде зияны көп пе деген тақырыпта ой түйіндеуді ұсынады. Екі командаға бөлінеді. 1-ші команда аталған нысанның пайдасын іздейді, ал, 2-ші команда – зиянды жақтарын табады. П: Түскен жапырақтар қандай пайда әкеледі, зияны қандай? 1-ші командадағы балалар: Жапырақтар аяқ астында сыбдырлап жатады, жерге түскені әдемі, одан әсем гүлдесте жасап, кептіріп қоюға болады. 2-ші команданың балалары: Жауын жауған кезде аяқкиімге жабысады. Жапырақтардың астында саңырауқұлақтарда көрінбейді. Жердегі төмпешікті байқамай сүрініп кетіп, құлап қаласың.			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:00-10:30	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
2 үзіліс – 10:00 – 10:30					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары					
Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Қимылды ,еңбек ойын:«Ойын алаңын тазалау»					
Басты міндет: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.					

Тіл гимнастикасы «Тізімізді тазалаймыз» - Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату. «Чистим, зубки» - улыбнуться, открыть рот. Кончиком языка с внутренней стороны "почистить" поочередно нижние и верхние зубы  «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Часики» - улыбнуться, открыть рот, кончик языка (как часовую стрелку) переводить из одного уголка рта в другой. 	 	Қимылды ,еңбек ойын:«Ойын алаңын тазалау» Міндет: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. Дағды: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққабейім дағдыларын қалыптастыру. Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап; Әдістемелік нұсқаулар: Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты Жаттату: Қандай қызық күз деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған сары түспенен. Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...			
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Неше? Санау. ҰІӨ міндеттері: санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Дағды: сөйлемдердегі	3.Мүсіндеу- шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Көгөністер. Саңырауқұлақтар. ҰІӨ міндеттері: геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру. Дағды: өзінің іс-әрекетін	3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Ұяң дауыссыз дыбыстар. ҰІӨ міндеттері: ұяң дауыссыздарды қайталау арқылы естерінде сақтату; Дағды: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже:	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҰІӨ тақырыбы: Апта күндері. ҰІӨ міндеттері: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны	3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҰІӨ тақырыбы: Жыл құстары. (еңбек,танымдық іс-әрекеті) ҰІӨ міндеттері: қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту; табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми

	сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себетке бөліп салу, атау, сипаттау. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады. Фрукты – ... (жемістер). Овощи – ... (көгөністер). Ягоды – ... (жидектер). Түсіну деңгейі: Постердің көмегімен ойыншықтарды санау. Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). Санамақ жаттау.	алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді; әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып саңырауқұлақты мүсіндейді; Түсінеді: заттық мүсіндеу дегеннің не екенін; саңырауқұлақтың әртүрлі болатынын; Қолданады: домалақтау, жалпақтау, есу тәсілдерін; саңырауқұлақтың пішінін келтіруде мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Кім не біледі?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Кім тез және көп ұпай жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. – Қандай көгөністі білесіңдер? Көгөністер қайда өседі? Көгөністің пайдасын айт, т.б. – Балалар, бізге орманнан қоян сиқырлы қап беріп жіберіпті. Кәне, ішін ашып көрейікші. Балалар қап ішіндегі көгөністерді алып, оның пішінін, түрін, түсін зерттеп көреді. Балалар, мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Саңырауқұлақтар бір-біріне ұқсай ма? Иә, саңырауқұлақтың	Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (<i>тамшы</i>) Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (<i>шолақ</i>) Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (<i>Орхан</i>) Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (<i>мақал</i>) Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (<i>мал</i>) Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.	дамыту. Дағды: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: апта күндерінің қазақша айтады. Түсінеді: қойылған сұрақты түсінеді. Қолданады: апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Дидактикалық ойын: «Көршісін тап?» Шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Түсіну деңгейі: Тақпақ «Апта күндері». Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі. Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады. Аптада неше күн? Бүгін аптаның қай күні? Аптаның бірінші күні? Екінші күні? т.б. Қолдану деңгейі: Дыбыстық жаттығу	түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту; табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Дағды: құстардың атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: құстардың атауларын біледі. Түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі. Қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Ой қозғау» жұмбақ жасыру. Табиғатта құстардың көптеген түрлері бар. Біз қайда қыдырсақ та – қалалық саябақта болсын, теңіз жағалауында болсын, ауылда немесе орманда болсын, құстарды кездестіреміз. Және олардың барлығы дерлік ұша алады. Құстар – қанаты мен қауырсыны бар жануарлар. Қауырсыны олардың денесіндегі жылуды сақтауға көмектеседі және құстарға қайталанбайтын, ешкімдікіне ұқсамайтын әр беріп тұрады. Құстар өз-өзін күтеді. Қауырсындарын жиі-жиі
--	---	---	--	--	---

	Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт. Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: асықпен орындалады. Педагог қандай бір санды айтады, балалар сонша асықты санап алады да, «неше?» сұрағына жауап береді. Сергіту сәті. Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш. Төрт, бес, Үлкен болып өс! Алты, жеті, Қолымыз еденге жетті. Сегіз, тоғыз, он, Орындарыңа қон.	бойлары, түстері әртүрлі екен. Осы саңырауқұлақтар туралы не білеміз? Қандай ертегі білесіңдер? Балалар,саңырауқұлақ туралы тақпақ, ертегі біледі екенбіз. Енді осы саңырауқұлақтарды ермексазбен мүсіндеп көрейікші. Түсіну деңгейі: Қызғылт сары түсті ермексазды алып,жұмсартып конус тәрізді пішінге келтіреміз.Жасыл түсті ермексазды жіңішкелеп есу арқылы жапырақтарын жасаймыз. —Енді,қызылшаны мүсіндейміз. Ол үшін алақанға қызыл түсті ермексазды салып жұмсартып, содан соң домалақтаймыз. Ұш жағын шымшып созу арқылы жіңішкертеміз. Жасыл түсті ермексаздан есіп жіңішке сабағын дайындап, біріктіреміз. Қолдану деңгейі: Саңырауқұлақты мүсіндеу жолдарын көрсету, түсіндіру: Алдымен бір кесек ермексазды алақанның арасына салып жұмсартамыз. Созу тәсілі арқылы саңырауқұлақтың аяғын жасап, сопақша пішінге келтіреміз. Қызыл түсті ермексазды домалақтап алып, тақтайша үстіне қойып, алақанмен басып жалпақтаймыз.	«Алтыбақан»— тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Түсіну деңгейі: Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. <i>Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.</i> Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.	(айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ә-ә-ә- сээр-сенбі Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: <i>дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.</i> Сергіту сәті: Таңертең тұрамын, Қолымды жуамын. Тісімді тазалап, Бетімді жуамын. Шашымды тараймын, Киімімді киемін, Бақшама барамын.	тазартып, оған май жағып тұрады. Сонымен қатар олар ескі қауырсындарды жұлып тастайды. Көп ұзамай орнына жаңасы шығады. Құстар ұяда тіршілік етеді. Әдетте олар ұясын жапырақтардан, шөптен, ағаш бұтақтарынан салады. Бірақ тас үйінділерінің арасында, тауың басында өмір сүретін құстар да бар. Құстың анасы жұмыртқа салады, содан соң оны денесімен жылытып, балапандар жарып шыққанша басып отырады. Күрделі сұрақ: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді? Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады. Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады. Олар: қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай. Балалар: «Күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды» деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстарды қалай ажыратуға болатынын талқылайды. Оларды тік, ұзын немесе ұшты болып келетін тұмсығына қарай тануға болады. Бұл жәндіктерді ұстауға өте
--	--	--	--	---	---

		Ақ түсті ермексазdan бірнеше кіші домалақ пішіндер жасаймыз. Саңырауқұлақтың қалпағын аяғына орналастырамыз. Ақ түсті ермексаздармен саңырауқұлақтың қалпағын безендіреміз. Енді қиярды мүсіндеуге кірісейік. Ол үшін жасыл түсті ермексазды алып жұмсартып, есу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Шымшу арқылы бүршіктерін жасаймыз. Тағы бір кішкене бөлігін алып есіп, қиярдың сабағын орналастырамыз. Сергіту сәті: Көгөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді. Әуен ырғағымен балалар билейді, айналады, музыка тоқтағанда олар бірігіп, «салат» болады.	Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Қолдану деңгейі: «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолас), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б. Сергіту сәті: Кәне, енді тұрайық, Бір қатарды құрайық. Белімізден ұстасып,	қолайлы. Балаларға мынадай мәлімет береді: Сіз көк аспанда қалықтап ұшқан құсты, құстардың топталып ұшып бара жатқанын көрдің бе? Біз олардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын көп көре бермейміз. Себебі олар қауіпсіздеу болғандықтан негізінен түнде ұшады екен. Ал сендер қыстау үшін жылы жаққа кететін құстардың белгілі бір тәртіпті сақтап ұшатынын блесің бе? Және құстардың ұшу тәртібі де бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Суреттерді ұшып кету тәртібі бойынша қарастырады: тырналар, үйректер, аққулар сыналап ұшады, көкқұтан, тырна, тырнақұтан – қанаттарын бір-біріне қарай жазып, сап түзеп ұшады, үйректер, шалшықшы құстар тік сызық түзеп немесе доға құрап ұшады. Қараторғайлар, барылдақ торғайлар мен өзге де ұсақ құстар ешқандай тәртіп сақтамай, қалай болса солай ұша береді. Ал бүркіт, қаршыға сынды ірі құстар жалғыз ұшқанды жақсы көреді. Түсіну деңгейі: «Тұңғыық гүлі» техникасының көмегімен «Қыстап қалатын құстар» тақырыбымен танысуға шақырады. Балалар еркін талқылау барысында біздің өлкемізде қыстап қалатын 8 құсты таңдап алады. Тәжірибеалдық жұмыс: Балалар қауырсынмен жасалатын тәжірибе жұмысына
--	--	--	--	---

			Алға бағыт бұрайық. Паровоз боп ойнайық, Вагондарды жалғайық. Сапар шегіп алысқа, Алға қарай зулайық. Саусақ жаттығуы: Айдын шалқар көлдерде, Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді.		қатысады. Қауырсынға қылқаламның көмегімен май (өсімдікмайы) жағады, содан соң оған тамшуырмен май тамызады. Су қауырсынға сіңбей, жерге тамып түседі. Осылайша, құстар өздерін су мен жаңбырдан қорғайды. «Бәрі де қаз қалпында» деген мақал, міне, осыдан қалған болса керек. Қолдану деңгейі: Тәжірибелік жұмыс: Ұя – құстардың үйі. Әртүрлі құстардың ұялары да бір-біріне ұқсамайды. Ал, сендер торғайлар, қарғалар, көгершіндермен сауысқандардың ұясының қандай болатынын білесіңдер ме? Ондай ұяны көрдіңдер ме? (Үйдің кіре берісінің немесе балконның үстіңгі жағына салады). Мысалы, торғайдың ұясы шағын ғана болады. Балаларға құстарға арнап ұя жасауға шақырады. Сынған бұтақтардан, сабан мен жүннен, қауырсыннан, мақта түйіршіктерінен ұя жасау туралы ұсынысын қабыл алады. «Мүлдем ұя салмайтын құстар бола ма?» деген сұрақты талқылап, жауап іздейді. Әлбетте, болады. Ол – көкек! Көкек өз жұмыртқасын басқа құстардың ұясына тастайды. «Үйшік» ойыны: өз қолындағы заттың педагогтің қолындағыдан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады. Б: Түк-түк. Үйшікте қай жануар тұрады? П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше?
--	--	--	--	--	---

					Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе. П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір-бірімізге ұқсаймыз деуің керек. Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпен қоректенемін, сен де... П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер. Б: Сен әтешсің, үй құсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізге түсіміз де ұқсамайды. Мен жақсы ұшамын, ал сен ұша алмайсың... «Үшіншісі артық» дидактикалық ойын: Міндеттері: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі. Қимыл-қозғалыс жаттығулары,сергіту сәті: Шымшық ұшып-қонады, <i>(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).</i> Бір орнында отыра алмас, <i>(бір орында тұрып сол</i>
--	--	--	--	--	--

					аяқпен секіреміз). Бір-екі, бір-екі, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Зуылдады тоқтамай. (Бір орында тұрып айналамыз). Міне, бір минутқа отырды, (Отырамыз.) Тұмсығымен кеудесін қасыды, (Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз). Ұшты, қонды, (Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз). Шыр-шыр, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Шыр-шыр! (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).
--	--	--	--	--	---

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Секіруге арналған ойын: «**Сызықтан секіру**»

Басты міндет: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.



Секіруге арналған ойын: «**Сызықтан секіру**»

Міндеті: қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Дағды: Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.

Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп, аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.

Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.

Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғаса береді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.


Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

Ойынның ережесі

1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы

	меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек. Ойынның педагогикалық маңызы. Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. Ойынның қиындығы : тез ойнау.
---	---

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.05 – 11.30

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӨ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҰІӨ тақырыбы: Командалық эстафеталар(таза ауада) ҰІӨ міндеттері: гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары. Дағды: тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру. Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай	4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет. ҰІӨ тақырыбы: Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр. ҰІӨ міндеттері: күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді. Түсінеді: күй жанрының	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҰІӨ тақырыбы: Ерекше сабақтар. ҰІӨ міндеттері: гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. Дағды: Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: белгіленген жерден шұңқырға секіруді; бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алуды. Түсінеді: допты жоғары лақтырып, қолды	4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет. ҰІӨ тақырыбы: Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр. ҰІӨ міндеттері: күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: күйді тыңдайды, ажыратады,	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҰІӨ тақырыбы: Акробат болғым келеді. ҰІӨ міндеттері: заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. Дағды: Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүруді; «Теңіз жағасында» релаксациясын.
--	--	--	--	--	---

	білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. Қолданады: тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Алыстан көре алмаудың алдын алу жаттығуларын орындау. «Көз – саяхатшы»: Бастапқы қалып – еркін тұру. Атаған заттарын бастарын қозғалтпай, тек көзбен табу. «Оңға көз тастау, солға көз тастау»: Оң қолмен иектен ұстап, басын «бекіту». Ойыншықты сол көзін жапқанда, оң көзімен көре алмайтындай болуы керек. Сол ойыншыққа 7 секунд қарайды, сосын ендігі 7 секундта алдыға қарап тұрады. Жаттығуды 3 рет қайталайды. Сосын ойыншықты оң қолына алып, керісінше қайталайды. «Айдаһар» (Зрет). Балалар бір тізбекке тұра қалады. Бұл – «айдаһар». Балалар арқасымен, кеудесімен допты қысып тұрады. Белгі бойынша	ерекшеліктерін. Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде	шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындау қажеттігін. Қолданады: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Денсаулық сабағы». Орындықтарды өз еріктерімен таңдайды. ЖДЖ-ны гимнастикалық орындық үстінде орындайды, сонымен қатар тепе-теңдікке арналған жаттығуларды да орындайды. Бес-бестен звеноларға бөлініп, орындық жанына келіп тұрады. Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: Тепе-теңдік: гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен тұру; педагогтің белгісі бойынша көздерін жұму. Статикалық тепе-теңдіктерін сақтап, денелерін алға еңкейтпеуге тырысады. Түсіну деңгейі: «Геометрия сабағы»	әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді. Түсінеді: күй жанрының ерекшеліктерін. Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау	Түсінеді: әртүрлі жүру түрлерімен қалай жүру керектігін (аяқты аяқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту керектігін. Қолданады: топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіру әдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекте бір-бірден жүру, кәдімгі жүріс және аяқты аяқастырып жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 4 метр жерге дейін жүру. Төрт тізбеке тұру. Таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№1) Сұлу дене бітімі де денсаулыққа байланысты екенін түсіндіру. Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды. Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдыға тура қарайды. Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл-қозғалыстарды
--	--	---	---	---	---

	«айдаһарлар» мәреге қарай бет алады. Түсіну деңгейі: Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. «Жүрдек пойыз» (6 рет). Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру. Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы жармасады. Енді олар конусқа дейін бірге жүгіріп кетеді. Конусты айналып өтіп орындарына қайтып келгенде оларға үшінші ойыншы жабысады ... Жүгіріс кезінде шашырап кетпей, бірінші болып бітірген команда жеңіске жетеді. «Өткел» Әр командаға құрсау «қайық» беріледі. Командалар бір «жағадан» екіншісіне «қайықпен» өтуі керек. Қолдану деңгейі: «Құрсаудан өту» (3рет). Бір-бірінен 3 м, 5 м арақашақтықта құрсаулар орналастырылған. Бірінші құрсауды жоғары	үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.	Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету (таспадан жасалған геометриялық фигуралар). Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту және жерге түскенде тепе-теңдіктерін сақтай білуге үйрету. Таспадан жерге геометриялық фигураларды қалай жасау керектігін көрсету. Фигураның дәл ортасына секіріп түсуге тырысады. «Бағдарлау сабағы» (2 минут) Екпіндерін өзгертпей, бірақ бағыттарын өзгертіп жүгірту. Қол мен аяқты үйлесімді қозғауларына назар аударту: қолдарын алдыға, жоғары кеуде тұсына дейін көтереді, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді; жерге аяқтарының басымен басып, қысқа адымдайды. Қолдану деңгейі: «Әртүрлі білімдер сабағы» Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын	жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.	орындату (1-2 – топтық әдіс, 3 – толассыз әдіс): Белгіленген жерге орындық үстінен секіреді (таспадан аса): табандарын белсенді қозғап, жерге түскенде тепе-теңдіктерін қалай сақтау керектігін түсіндіру. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 1-топ (1-2-тізбек) шұңқырға секіреді, 2-топ (3-4-тізбек) көлбеу қойылған сатының тепкішектері арқылы төрттағандап еңбектейді. Тепе-теңдік: (4 рет). Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Егер бастарын төмен түсірсе, қапшық жерге құлап кетеді, сондықтан тепе-теңдік сақтап, табандарын сырық үстіне қояды. Сырықтарды залға периметр бойынша орналастырады. Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш» (5 рет). Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».
--	--	--	--	---	---

	көтеріп, өзіне кигізіп, жерге қою, ал екінші құрсаудың ішіне тұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынан асырып, шығарып, жерге қою. Әр команданың алғашқы ойыншылары бірінші құрсауға жүгіріп келеді. Оны жоғары көтеріп, өзіне кигізеді. Аяғын бүгіп, отырыңқырап барып жерге қояды да, екінші құрсауға қарай барады. Ал екінші құрсауға өздері ішіне тұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынан асырып, шығарып, жерге қояды да, конусты айналып жүгіріп келіп, өз орнына тұра қалады. Сол сәтте екінші ойыншы жүгіріп, тапсырманы орындауға кіріседі. Ойынды бірінші аяқтаған команда жеңіске жетеді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін». Балалар залда шашырап жүреді. «Тоқта!» деп белгі берілгенде, олар бір мүсінге ұқсап, «қатып қалады». Ең әдемі, қызықты «мүсіндерді» атап өту керек.		еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады. Саусақ гимнастикасы: «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды.		«Теңіз жағасында» релаксациясы. Өздерін теңіз жағасында жатырмыз деп ойлап, кілем үстіне жатады. Үш рет терең дем алады, дем шығарады, сонан соң тып-тыныш жатады.
Серуенге дайындық 11:30-11.35	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11:35 – 11:55	Қазан Серуен кешені № 6 Қазан айының алғашқы көрністерін бақылау. Міндет: күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз:	Қазан Серуен кешені № 7 Қазан айының алғашқы күндерде жапырақтардың түсуін бақылау. Міндет: табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; бақылағандарын сөйлеу	Қазан Серуен кешені № 8 Қазан айының алғашқы күндерде жылы жаққа ұшып кететін құстарды бақылау Міндет: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарға деген танымдық	Қазан Серуен кешені № 9 Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау Міндет: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Бақылау барысы	Қазан Серуен кешені № 10 Суды бақылау Міндет: күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар. *Судың қандай қасиеттерін білесіңдер?

	«КҮЗ» Қ. Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші сұрақтары: ◆ Қазір жылдың қай мезгілі? ◆ Күз айының нешінші айы? ◆ Неге күз деп ойлайсыңдар? ◆ Күзде ауа-райы қандай болады? ◆ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? Зерттеу жұмысы: Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) Еңбек: Ойын алаңын тазалау Міндет: — Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. ҚО: «Ормандағы соқпақтар». <i>Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.</i> Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары. <i>Міндет: жалпы дамыту</i>	тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев <i>Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ◆ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ◆ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ◆ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) ◆ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ◆ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ◆Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды,	қызығушылығын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбедең құстар өткенде Балалармен әңгімелесу, сұрақтар: *Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді? (құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады) *Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді) *Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды) *Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндіктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді) *Құстар ұшуға қалай	Көркем сөз С. Оспанов Өсе бере сан ғасыр Шыршаларға тимек кім Болып таудың түр-сәні Қорғалады орманы Жапырағы жап-жасыл Ол жеміс пен жидектің, Көрдің бе сен, шыршаны? Топырақтың қорғаны. Балаларға сұрақтар: Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.) Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.) Жапырақты ағаштардың қандай айырмашылықтары бар? Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (діңі, бұтағы, тамыры) Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек? Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар? Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Міндет:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету ҚО: «Жұбыңды қуып жет». Міндет: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Міндет: Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру	*Судың көлемі (қалпы) бола ма? *Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме? *Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады. Зерттеу жұмысы: Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, бір түнге далаға шығарып қою неболмаса тоңазытқышқа қойса, біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі.
--	---	--	---	---	---

	<i>жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,</i> Халық болжамы: *Егер қазан айында күн күркіресе, қыс қамшы сабындай келте болады. *Тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үрпиіп, айдары қызарса, күн суытып жауын жауады. *Егер тікендер мен алабота сабақтары төмен қарай иілсе, онда күн суытады.	жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) Зерттеу жұмысы: Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Міндет:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. Қ/О: «Түлкі мен қояндар». Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту. Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.	дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) *Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады) Еңбек: Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу Қ/О: «Торғай-қарға». Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту Жаттығу ойындары: Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту.	Мақал-мәтел. Жалғыз ағаш орман болмас Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.	Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). -Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. -Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. Міндет: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Міндет: -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. Міндет: қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу 11:55-12:00	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25	Жеке жұмыс: Серикова Рамин Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету.	Жеке жұмыс: Серікқазы Ислам Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге	Жеке жұмыс: Талғат Наргиз Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан	Жеке жұмыс: Шекергали Талшын Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтып беруге үйрету.	Жеке жұмыс: Аитжанова Аделя Сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алуға, жұмбақтың шешімін логикалық ойлау арқылы таба білуге үйрету.

		үйрету.	басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті, суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)	Дербес ойын: «Көршісін тап?» Міндет: 1-5 дейін тура және кері санау түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. Дағды: тура және кері санауға дағдыландыру. Ойынның шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.	Танымдық-қимылды ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру» Міндет: Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету. Дағды: тура санау, төмен кері санауға (қол моторикасын дамыту). дағдыландыру. Ережесі: Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). Санамақ жаттау. Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Міндет: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Дағды: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру. Ойынның шарты: Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады. Саусақ гимнастикасы: «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүрдек пойыз» Міндет: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу. Дағды: үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Ойын шарты: Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру. Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы жармасады. Енді олар конусқа дейін бірге жүгіріп кетеді. Конусты айналып өтіп орындарына қайтып келгенде оларға үшінші ойыншы жабысады ... Жүгіріс кезінде шашырап кетпей, бірінші болып бітірген команда жеңіске жетеді.	Суреттік боямалар: «Қай ағаштың жапырағы?» жаттығуы. Міндеті: Оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту. Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу.

			шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды.		
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:25-12:30	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Ата-анаға кеңес: Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата- анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-анаға кеңес: Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес: Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі:Қызылбаева Шолпан